

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
Ә. А. Смайыловқа**

2019 жылғы 19 маусымда  
жарияланды

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы үстіміздегі жылғы 23 қаңтарда Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде жұмыспен қамту жастар саясатының негізгі мәселесі болып қалып отырғандығын атап айтып, Үкіметке тиісті тапсырмалар бергендігі белгілі. Соның ішінде «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына енгізілетін мамандықтардың тізімін кеңейту және көшіп барғаны үшін төленетін жәрдемақы мөлшерін 70-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін арттыру тапсырылды. Алайда, арада төрт айдан аса уақыт өтсе де, мүдделі мемлекеттік органдар аталған тапсырмаларды орындауға асығар емес.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы үстіміздегі жылғы 17 мамырда еңбек және жұмыспен қамту мәселелері бойынша өткізген кеңесте Үкіметке бірқатар бағдарламалардың, соның ішінде «Дипломмен – ауылға!» әлеуметтік жобасының да тиімділігін арттыруды тапсырды.

Біздің ойымызша, ең өзекті мәселе – «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының толық көлемде қаржыландырылмауы. Мысал үшін, жергілікті атқарушы органдар 2018 жылға арналған бюджеттік кредиттер үшін жалпы сомасы 19 миллиард теңгеден

асатын бюджеттік өтінімдер бергенімен, 13,7 миллиард теңге ғана бөлінген. Сөйтіп өткен жылы еліміздегі ауылдық жерлерде 580 дәрігер, 4952 мұғалім жетіспейтіндігіне қарамастан, бағдарламаға небәрі 3786 маман енгізілген.

Ал 2019 жылы бағдарлама бойынша 3 908 маманға 14,8 миллиард теңге көлемінде бюджеттік кредит қарастырылған. Бұл сома алдағы уақытта көшіп барғаны үшін төленетін жәрдемақы мөлшері ұлғайтылатындығын ескерсек, жеткіліксіз екендігі анық.

Осы себеппен ауылдық жерлерге жыл сайын жұмысқа орналасатын 6 мыңдай жас маманның 2 мыңнан астамы мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылмауда.

Бағдарламаны жеткілікті қаржыландырмау мынадай проблеманы туындатты: әлеуметтік қолдаудан тыс қалған жоғары білімді жас мамандар өздері жұмысқа барған ауылдық елді мекендерден кетуге мәжбүр. Мұның тағы бір себебі – жоғары білімді жас мамандар әлеуметтік көмек алу үшін колледждердің түлектерімен тең дәрежеде бір кезекке қойылатындығында. Осыған орай әлеуметтік көмекті кезекке бұрын тұрған жас медбике ғана алып, қаржы жетпей қалған жас дәрігер жақсы жағдай іздеп, қалаға көшіп кетуге мәжбүр болғандығы сияқты деректер аз емес.

Келесі проблема: «Дипломмен – ауылға!» әлеуметтік жобасын іске асыруға арналған «Жергілікті атқарушы органдарға мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға арналған бюджеттік кредиттер» 034 бюджеттік бағдарламасы бойынша Сенім білдіріліген өкіл (агент) болып табылатын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы өзінің көрсеткен қызметтері үшін 2010 жылдан бастап берілген бюджеттік кредиттердің жалпы сомасының 3 проценті мөлшерінде сыйақы алып келеді. Оны аудандық әкімдіктер төлеуге тиісті. Алайда, аудандық бюджеттерде қаражат жетіспеуіне байланысты қыруар берешек жинақталып қалған. Мысал үшін, Қызылорда облысындағы Жалағаш ауданының берешегі 48 миллионды құрайды.

Жергілікті атқарушы органдардың талап етуі бойынша жуырда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы өзі көрсеткен қызметтердің тарифін 2019 жылғы 1 қазаннан бастап 2,5 процентке дейін азайтуды және сыйақыны бұрынғыдай бюджеттік кредиттің жалпы сомасы бойынша емес, берешек қалдығы бойынша есептеу жөнінде шешім қабылдады. Бірақ, жергілікті атқарушы органдар аталған тариф мөлшерін 1,5 процентке дейін азайтуды сұрап отыр. Өйткені, бюджеттік кредитті берудің барлық ұйымдастыру шараларын Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры емес, аудандардың Ауыл шаруашылығы бөлімдері атқарады. Атап айтқанда, бюджеттік кредиттерді алуға өтініштерді қабылдау және қажетті құжаттарды жинақтаудың барлық жұмысы, тиісті шешімдер қабылдау, төленбеген бюджеттік кредит иесін сотқа беру, сондай-ақ қабылданған шешімдердің дұрыстығы үшін жауаптылық Ауылшаруашылығы бөлімі жұмысшы органы болып табылатын арнаулы комиссияға жүктелген. Ал Ауыл шаруашылығын

қаржылай қолдау қоры берілген бюджеттік кредиттердің есебін жүргізіп, берешекті төлеу туралы ақпаратты аудандардың әкімдіктеріне жолдаумен ғана айналысады.

Жоғарыда айтылған жайлардың негізінде Сіздің қарауыңызға мына ұсыныстарды енгіземіз:

1. «Дипломмен – ауылға!» әлеуметтік жобасын жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдеріне сәйкес толық қаржыландыру мәселесін қарастыру қажет;

2. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына енгізілетін мамандықтардың тізімін кеңейту және көшіп барғаны үшін төленетін жәрдемақы мөлшерін 70-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындауды тездету бойынша шаралар қолданылсын;

3. Жоғары білімді мамандарды ауылдық елді мекендерде тұрақтандыру мақсатында оларға «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша бірінші кезекте әлеуметтік көмек алу құқығын беру мәселесі қарастырылсын;

4. Ауылдық аудандар әкімдіктерінің «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы алдындағы берешегі туралы мәселені қарау қажет. Оның сомасын аталған акционерлік қоғамның өзі ұсынып отырған, көрсетілген қызметтер құнын есептеудің жаңа әдістемесіне сәйкес қайтадан есептеп, азайту әділ болар еді;

5. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша көрсететін қызметтердің тарифін 1,5 процентке дейін төмендету мәселесін қарастырған жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері

**К. Мұсырман**  
**Б. Мамраев**  
**Б. Хаменова**